

# МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ - БІЛІМДІ БОЛАШАҚ ҚОЛЫНДА



Ауыс-түйіс



## ТАҒАЕВАДАН СОҢ ТАҚТЫ КІМ ТАҚЫМДАЙДЫ?

Облыстық Ішкі саясат бас-

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы - ұлы мұраттарды арқалап, ұлттық сананы серпілтіп, таңбалы тарихымыздың төрінен орын алды. Биылғы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсаты, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы, қазақ елінің XXI ғасырдағы жүретін жолын анық айқындап берді. Тарихи құжатта «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы да жария етіліп, дамыған 30 елдің қатарына кірудің ұзақ мерзімді 7 стратегиялық басымдылығы белгіленді.

Басым бағыттарды кеңінен халық арасында түсіндіру мақсатында осы аптада Парламент депутаттары өңірлерге сапар шекті. Осы ретте, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматуллин де кеше өңірімізге ат басын бұрып, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің профессор-оқытушылары

және аймақ жастарымен жүздесті. Еліміздің ертеңгі тұтқасы болар жастарға арналған бағыттарға ерекше тоқталып, жастардың бойларына сіңіру мақсатында болашақ туралы ойландыра отырып, Елбасымыз және аға буын өкілдері олардан көп үміт күтетіндігін айтты. Ал, Мемлекет басшысының «Мәңгілік ел» идеясы тек білімнің арқасында мүмкін болатындығын жеткізді.

Тәуелсіздікті ұстап тұру әлдеқайда қиындығын айтқан Елбасы сөздерін тікелей жастардың ұлтжандылығы мен ой-өрісіне, білімділігі мен біліктілігіне негізделіп айтылғандығына назар аударды.

Бұдан бөлек, Нұрлан Нығматуллин студенттердің инновацияда жеткен жетістіктерімен етене танысты.

Шолушы.